# ЮНЕСКО аясында мәдени мұраны сақтау және ілгерілету жөніндегі 2026 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 30 наурыздағы № 196 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған ЮНЕСКО аясында мәдени мұраны сақтау және ілгерілету жөніндегі 2026 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспар (бұдан әрі – Кешенді жоспар ) бекітілсін.

2. Кешенді жоспардың орындалуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдары, сондай-ақ өзге де ұйымдары (келісу бойынша):

1) Кешенді жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы іске асырылуын қамтамасыз етсін;

2) жылына екі рет, есепті кезеңнен кейінгі жылдың 10 қаңтарынан және 10 шілдесінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне Кешенді жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі есепті кезеңнен кейінгі жылдың 25 қаңтарынан және 25 шілдесінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Кешенді жоспар іс-шараларының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі* *О. Бектенов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2026 жылғы 30 наурыздағы
№ 196 қаулысымен
бекітілген

## ЮНЕСКО аясында мәдени мұраны сақтау және ілгерілету жөніндегі 2026 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспар

## Паспорт

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Атауы | ЮНЕСКО аясында мәдени мұраны сақтау және ілгерілету жөніндегі 2026 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспар |
| | | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 23 |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | Әзірлеу үшін негіз | сәуірдегі № 15 отырысы хаттамасының 2.2.1-тармағы |
| 3 | Іске асыру мерзімдері | 2026 – 2028 жылдар |
| 4 | Әзірлеуші мемлекеттік органның және бірлесіп орындаушылардың атауы | МАМ, ҒЖБМ, СІМ, ЖАО, ЖЖОКБҰ, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Қазқайтажаңарту" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, "Халықаралық білім беру корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Торайғыров университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы, "М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы. |
| 5 | Негізгі проблемалар мен оларды шешу жөніндегі міндеттерді көрсете отырып, Кешенді жоспарды қабылдау қажеттігі туралы қысқаша ақпарат | ЮНЕСКО аясында мәдени мұраны сақтау және ілгерілету жөніндегі 2026 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспарды қабылдау қажеттігі ұлттық және халықаралық деңгейде тарихи-мәдени мұраны сақтаумен және ілгерілетумен шарттасқан ЮНЕСКО аясында мәдени мұраны сақтау мен ілгерілетуді тежейтін негізгі факторларға мыналар жатады: мәдени мұраны басқару бойынша білім беру бағдарламаларының, мамандарды даярлау курстарының болмауы, жергілікті қауымдастықтардың хабардар болуы мен қатысу деңгейінің төмендігі, жергілікті атқарушы органдар тарапынан, оның ішінде материалдық емес мәдени мұра элементтерін иеленушілерге арналған қолдаудың жеткіліксіздігі, туристік инфрақұрылым мен музейлендіруді дамытудың төмен деңгейі, мәдени мұраға жобалық зерттеулер жүргізудің және заманауи технологияларды пайдаланудың шектеулі болуы, номинациялық құжаттарды дайындауға бағытталған іс-шаралар мен жобаларды қаржыландырудың жеткіліксіздігі, қазақстандық және халықаралық жұртшылықтың мәдени мұраның |

| | | |
|---|---|---|
| | | құндылығы туралы хабардар болуының жеткіліксіздігі, оның шынайы мағынасының жете бағаланбауы немесе бұрмалануы, институционалдық құрылымдар арасында мәдени мұраны басқаруға арналған жұмыстың үйлестірілмеуі.<br>Кешенді жоспардың негізгі міндеті – Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасын сақтау, оны іске асыру проблемаларды жүйелі түрде шешуге, дүниежүзілік мұра объектілерін қорғау деңгейін арттыруға және елдің халықаралық имиджін нығайтуға ықпал етеді. |

| Р/с<br>№ | Іс-шараның атауы | Аяқталу нысаны | Жауапты орындаушылар | Орындау мерзімі | Қаржыландыру көлемі<br>(млн теңге) | Қаржыландыру көздері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| Күтілетін нәтижелер: | | | | | | |
| 1 | Дүниежүзілік мұраның тарих және мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-реставрациялық жұмыстар бойынша жобаларды арттыру, туристік инфрақұрылымды құру 2026 жылға – 10 %, 2027 жылға – 12 %, 2028 жылға – 15 % | | | | | |
| 2 | ЮНЕСКО-ның алдын ала тізіміндегі объектілерді арттыру 2026 жылға – 11 %, 2027 жылға – 15 %, 2028 жылға – 17 % | | | | | |
| 3 | Бакалавриат пен магистратураның бейіндік пәндері шеңберінде тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін сақтау бойынша эскиздік жобалар санын арттыру 2026 жылға – 5 %, 2027 жылға – 9 %, 2028 жылға – 12 % | | | | | |
| 4 | Материалдық емес мәдени мұраның репрезентативтік тізіміне енгізілетін материалдық емес мәдени мұра элементтері мен номинацияларын арттыру 2026 жылға – 10 %, 2027 жылға – 13 %, 2028 жылға – 16 % | | | | | |
| **1-бағыт. Материалдық мәдени мұраны сақтау және ілгерілету** | | | | | | |
| | 1-іс-шара. Қазақстандағы ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұра объектілерін қорғау, кеңінен таныту | іс-шаралар | Алматы, Түркістан, Жамбыл, | 2026 жылғы IV тоқсан, | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | мәселелері бойынша жергілікті тұрғындарды тарту және олардың белсенділігін арттыру жөніндегі шараларды іске асыру | жоспары | Жетісу облыстарының әкімдіктері, МАМ | 2027 жылғы III тоқсан, 2028 жылғы III тоқсан | | талап етілмейді |
| 2 | 2-іс-шара. ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы конвенциясының нормаларын ескере отырып, Қазақстандағы ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұрасының тарих және мәдениет ескерткіштерін басқару жөніндегі әдістемелік құралды шығару | әдістемелік құралды басып шығару | МАМ, "Қазқайтажаңарту" ШЖҚ РМК (келісу бойынша) | 2027 жылғы IV тоқсан | көзделген қаражат шеңберінде | бюджеттен тыс қаражат есебінен |
| 3 | 3-іс-шара. Халықаралық маңызы бар ескерткіштердің жай-күйіне мониторинг жүргізу | ескерткіштердің жай-күйі туралы анықтама | МАМ, ЖАО, республикалық музей-қорықтар (келісу бойынша), "Қазқайтажаңарту" ШЖҚ РМК (келісу бойынша) | 2026 – 2028 жылдардағы III тоқсан | | талап етілмейді |
| | 4-іс-шара. Қазақстандағы ЮНЕСКО-ның | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | дүниежүзілік мұрасының объектісі аумағында орналасқан жерлердің меншік иелерін анықтау және растайтын құжаттармен бірге меншік иелерінің тізімін жасау | меншік иелерінің тізімі | МАМ, ЖАО | 2026 жылдың I I жартыжылдығы | | талап етілмейді |
| 5 | 5-іс-шара. Талғар қалашығы, Қойлық қалашығы, Қарамерген қалашығы, Ақтөбе қалашығы, Құлан қалашығы, Қостөбе қалашығы, Өрнек қалашығы және Ақыртас археологиялық сарай кешені тарих және мәдениет ескерткіштерінің шекараларын (буферлік аймақтарын) тиісті жердің тарихи-сәулет тірек жоспарына және сәйкесінше карта-схемасына енгізу | ескерткіштердің шекаралары туралы ақпарат | Алматы, Жамбыл облыстарының әкімдіктері, МАМ | 2026 – 2027 жылдар ішінде | | талап етілмейді |
| 6 | 6-іс-шара. Тарихи-мәдени мұра объектілерін ЮНЕСКО ескерткіштері | ЮНЕСКО ескерткіштерінің | МАМ, СІМ | 2027 жылдың I жартыжылдығы | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | нің алдын ала тізіміне қосу | алдын ала тізімі | | | | талап етілмейді |
| 7 | 8-іс-шара. "Жібек жолы: Каспий-Еділ дәлізі" номинациясын ықтимал дайындау мәселесі бойынша Әзербайжанмен, Иранмен, Ресей Федерациясымен және Түрікменстанмен ведомствоаралық және сарапшылық консультациялар жүргізу | ведомствоаралық және сарапшылық консультациялардың хаттамасы | МАМ, СІМ | 2028 жылдың I жартыжылдығы | | талап етілмейді |
| 8 | 8-іс-шара. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің аумағын "Әзірет Сұлтан" музей-қорығына қайтару рәсімін аяқтау | Түркістан облысы әкімінің қаулысы | Түркістан облысының әкімдігі, МАМ | 2026 жылдың I I жартыжылдығы | | талап етілмейді |
| 9 | 9-іс-шара. Қазақстан Республикасының мәдени құндылықтарды сақтау және реставрациялау жөніндегі халықаралық зерттеу орталығына (ИККРОМ) кіруі | кіруі туралы хаттама | МАМ, СІМ | 2026 – 2027 жылдардың II жартыжылдығы | көзделген қаражат шеңберінде | бюджеттен тыс қаражат есебінен |
| | 10-іс-шара. Музей-қорықтардың мамандарын және Қазақстан | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 10 | Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің қызметкерлері н Қазақстандағы ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұрасының объектілеріне қашықтан спутниктік мониторинг жүргізу әдістеріне оқытуды ұйымдастыру | өткізілген оқыту туралы ақпарат | МАМ, республикалық музей-қорықтар (келісу бойынша) | 2027 жылдың II жартыжылдығы | көзделген қаражат шеңберінде | бюджеттен тыс қаражат есебінен |
| 11 | 11-іс-шара. Бакалавриат пен магистратураның бейіндік пәндері шеңберінде тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін сақтаудың тұжырымдамалық және эскиздік жобаларын орындау | тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін сақтау бойынша эскиздік жобалар шығару | ҒЖБМ, "Халықаралық білім беру корпорациясы" ЖШС (келісу бойынша), МАМ | 2027 жылдың I жартыжылдығы | көзделген қаражат шеңберінде | "Халықаралық білім беру корпорациясы" ЖШС қаражаты шеңберінде |
| 12 | 12-іс-шара. "Эйр Астана" акционерлік қоғамымен Қазақстандағы ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұрасының объектілері туралы танымдық мақалаларды авиакомпанияның борттық | "Эйр Астана" АҚ-мен келісім | МАМ, "Эйр Астана" АҚ (келісу бойынша) | 2027 жылдың I жартыжылдығы | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | журналдарында орналастыру туралы келісім жасасу | | | | | талап етілмейді |
| 13 | 13-іс-шара. Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері туралы ғылыми мақалаларды отандық және шетелдік журналдарда орналастыру | ғылыми мақалалар шығару | ҒЖБМ, ЖЖОКБҰ, МАМ | 2026 – 2027 жылдар ішінде | | талап етілмейді |
| 14 | 14-іс-шара. Қазақстандағы ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұрасының объектілері туралы ақпаратты "Qazaq culture" порталында, әлеуметтік желілерде орналастыру | порталдағы ақпарат | МАМ, республикалық музей-қорықтар (келісу бойынша) | 2026 – 2027 жылдар ішінде | | талап етілмейді |
| 15 | 15-іс-шара. Қазақстандағы ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұрасының объектілері бойынша электрондық экскурсиялық маршруттарды әзірлеу | электрондық экскурсиялық маршруттарды орналастыру | МАМ, Алматы, Жамбыл, Түркістан және Жетісу Облыстарының әкімдіктері | 2027 жылдың I жартыжылдығы | | талап етілмейді |
| 16 | 16-іс-шара. Қазақстандағы ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұрасының | республикалық газеттерде мақалалар жариялау, | МАМ, ҒЖБМ | | | талап етілмейді |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | объектілері туралы ақпарат дайындау | радиохабарлар шығару | | 2026 – 2028 жылдар ішінде | | |
| **2-бағыт. Қазақ халқының материалдық емес мәдени мұрасын сақтау және ілгерілету** | | | | | | |
| 17 | 1-іс-шара. Атырау, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда және Жетісу облыстары әкімдіктерінің, өлкетану музейлерінің, кітапханаларының, өңірлік университеттері мен этномәдени бірлестіктерінің қызметкерлеріне арналған оқу семинарларын өткізу | өткізілген семинарлардың қорытындысы бойынша есеп | МАМ, Атырау, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда және Жетісу облыстарының әкімдіктері | 2026 жылғы IV тоқсан | көзделген қаражат шеңберінде | бюджеттен тыс қаражат есебінен |
| 18 | 2-іс-шара. "Әлемдік тарихи-мәдени мұраны сақтау, қорғау және басқару" халықаралық қысқы мектебін өткізу | халықаралық қысқы мектептің қорытындылары бойынша есеп | ҒЖБМ, ЖЖОКБҰ, "М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" КеАҚ (келісу бойынша) | 2026 жылдың I жартыжылдығы | көзделген қаражат шеңберінде | "М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" КеАҚ қаражаты шеңберінде |
| | 3-іс-шара. ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны сақтау жөніндегі | | | | | 004 "Азаматтық қоғам институттары |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 19 | конвенциясын іске асыру шеңберінде жұмыс істеуге сарапшылар дайындау ( сарапшылық сүйемелдеу, ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны сақтау жөніндегі конвенциясын іске асыру) | жыл сайын кемінде 30 сарапшының біліктілігін арттыру | МАМ | 2026 жылдың I I жартыжылдығы | 13,99 | мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасын нығайтуды қамтамасыз ету, қоғамдық сананы жаңғырту" бюджеттік бағдарламасы |
| 20 | 4-іс-шара. Атырау, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда және Жетісу облыстарының материалдық емес мәдени мұрасын басқару және дамыту моделін ( тиімді басқару тәсілдері) әзірлеу және тестілеуден өткізу | әзірленген модель | МАМ, Атырау, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда және Жетісу облыстарының әкімдіктері | 2027 жылдың I жартыжылдығы | көзделген қаражат шеңберінде | бюджеттен тыс қаражат есебінен |
| 21 | 5-іс-шара. "Торайғыров университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы базасында " Ұлы даланың мәдени мұрасы" ғылыми-практикалық конференциясын | материалдар жинағы | "Торайғыров университеті" КеАҚ (келісу бойынша) | 2027 жылғы II тоқсан | көзделген қаражат шеңберінде | "Торайғыров университеті" КеАҚ |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ұйымдастыру және өткізу | | | | | қаражаты есебінен |
| 22 | 6-іс-шара. Атырау, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда және Жетісу облыстарында жойылып кету қаупі бар "Қазақ киіз үйін жасау және безендіру", "Қазақ кілем тоқу өнері" және "Терме эпикалық жанры" элементтері бойынша ақпарат жинау | материалдар жинағы | МАМ, Атырау, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда және Жетісу облыстарының әкімдіктері | 2026 жылғы қараша | көзделген қаражат шеңберінде | бюджеттен тыс қаражат есебінен |
| 23 | 7-іс-шара. Әзербайжан Республикасымен, Түркия Республикасымен, Өзбекстан Республикасымен және Түрікменстанмен бірлесіп "Алпамыс батыр" көпұлтты номинациясын ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұрасының тізіміне енгізуді ілгерілету | номинацияны ілгерілету туралы қорытынды | МАМ, СІМ, ҒЖБМ | 2026 – 2027 жылдар ішінде | | талап етілмейді |
| | 8-іс-шара. "Тақия" және "Салбурын" элементтері бойынша | номинацияны ілгерілету | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 24 | номинациялық құжаттарды сарапшылық қолдау және ілгерілету | туралы қорытынды | МАМ, СІМ | 2026 жылғы II тоқсан | | талап етілмейді |
| 25 | 9-іс-шара. Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасы туралы сюжеттерден құралатын бейнероликтерді кеңінен таныту мақсатында оларды әлеуметтік желілерде орналастыру | бейнероликтерді орналастыру | МАМ | 2028 жылғы I тоқсан | | талап етілмейді |
| 26 | 10-іс-шара. Материалдық емес мәдени мұра элементтерінің кемінде екеуін халықаралық тізімдерге енгізу үшін құжаттарды дайындау (ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиямен келісу бойынша) | номинациялық құжат | МАМ, СІМ | 2026 жылдың II жартыжылдығы | 4,8 | 004 "Азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасын нығайтуды қамтамасыз ету, қоғамдық сананы жаңғырту" бюджеттік бағдарламасы |
| **3-бағыт. ЮНЕСКО-ның "Әлем жады" бағдарламасын ілгерілету** | | | | | | |
| 27 | 1-іс-шара. Еліміздің жазба мұрасын кешенді түрде | түгендеу жүргізу туралы есеп | МАМ | 2026 – 2027 жылдар ішінде | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | кезең-кезеңімен түгендеу | | | | | талап етілмейді |
| 28 | 2-іс-шара. Қазақстан Республикасының жазба мұрасын есепке алуды үйлестіру және әдістемелік сүйемелдеу | Қазақстанның жазба мұрасы туралы есеп | МАМ | 2026 – 2027 жылдар ішінде | | талап етілмейді |
| 29 | 3-іс-шара. Жазба мұраның ұлттық тізілімін әзірлеу және бекіту | ұлттық тізілім | МАМ | 2027 жылдың I I жартыжылдығы | | талап етілмейді |
| 30 | 4-іс-шара. "Әлем жады" бағдарламасы туралы хабардар болуды арттыру бойынша екі онлайн ғылыми-практикалық семинар өткізу | семинардың өткізілуі туралы есеп | МАМ | 2026 – 2027 жылдардағы IV тоқсан | | талап етілмейді |
| 31 | 5-іс-шара. Қор ұстаушылары үшін сақтау мен консервациялау (превентивті реставрациялау) бойынша семинар-тренингтер өткізу | семинар-тренингтер | МАМ | 2026 – 2027 жылдардағы IV тоқсан | көзделген қаражат шеңберінде | бюджеттен тыс қаражат есебінен |
| | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | бюджеттен | |
| 32 | 6-іс-шара. Жазба мұраны есепке алуды және сақтауды жүзеге асыратын ұйымдар арасында тәжірибе алмасу | ұсынымдар мен әдістемелік құралдар | МАМ | 2026 – 2027 жылдар ішінде | көзделген қаражат шеңберінде | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | тыс қаражат есебінен |
| 33 | 7-іс-шара. "Әлем жады" бағдарламасы шеңберінде өтінім беру материалдарын дайындауды әдістемелік сүйемелдеу | әдістемелік ұсынымдар | МАМ | 2026 – 2027 жылдар ішінде | | талап етілмейді |
| 34 | 8-іс-шара. Жазба мұра объектілерінің қор ұстаушылары мен құқық иеленушілерінің номинацияларды дайындау жөніндегі қызметін үйлестіру | жүргізілген үйлестіру туралы ақпарат | МАМ | 2026 – 2027 жылдар ішінде | | талап етілмейді |
| 35 | 9-іс-шара. Абайдың қолжазба мұрасының номинациялық құжатын ЮНЕСКО халықаралық тізілімінде сүйемелдеу | номинацияны ілгерілету туралы қорытынды | МАМ, СІМ | 2026 – 2027 жылдар ішінде | | талап етілмейді |
| 36 | 10-іс-шара. Жазба мұраны БАҚ-та және әлеуметтік желілерде кеңінен таныту | жарияланымды шығару | МАМ | 2026 – 2027 жылдар ішінде | | талап етілмейді |
| 37 | 11-іс-шара. Жазба мұра мәселелері бойынша ғылыми-практикалық және тақырыптық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу | көрмелер, конференциялар, тақырыптық кездесулер | МАМ | 2026 – 2027 жылдар ішінде | | талап етілмейді |
| | 12-іс-шара. | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 38 | "Әлем жады" халықаралық және өңірлік тізілімдеріне енген жазба мұраны қор ұстаушылардың кеңінен танытуы жөніндегі іс-шаралар | мақалаларды жариялау, телевизиялық бағдарламаларға, радиоэфирлерге қатысу | МАМ | 2026 – 2028 жылдар ішінде | көзделген қаражат шеңберінде | бюджеттен тыс қаражат есебінен |
| 39 | 13-іс-шара. "Әлем жады" бағдарламасын іске асыру жөніндегі жыл сайынғы баяндаманы дайындау | баяндаманы жариялау | МАМ | 2026 – 2028 жылдардағы IV тоқсан | | талап етілмейді |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ҒЖБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі;

ЖАО – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары;

ЖЖОКБҰ – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы;

"Қазқайтажаңарту" ШЖҚ РМК – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Қазқайтажаңарту" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

МАМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі;

"М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" КеАҚ – "М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

СІМ – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі;

"Торайғыров университеті" КеАҚ – "Торайғыров университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Халықаралық білім беру корпорациясы" ЖШС – "Халықаралық білім беру корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

"Эйр Астана" АҚ – "Эйр Астана" акционерлік қоғамы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК